Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 11

ТОПЫРАҚТЫ ІЗДЕСТІРУЛЕР МЕН ТОПЫРАҚТЫ БАҒАЛАУ

Ғазиз А.

Қазіргі уақытта республикада 185,2 млн. гектар алаңда әр түрлі кезеңдердің топырақты іздестірулер материалдары бар, бұл барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының 85,8%-ын құрайды. Негізінен, қорғаныс мұқтаждары үшін пайдаланылатын аумақтар, босалқы жердің құмды массивтері мен басқа мемлекеттерге берілген жер зерттелмей қалуда.

Топырақты іздестірулердің негізгі көлемі 1986 жылға дейінгі кезеңде орындалды – 119,0 млн. гектар (зерттелетін алаңның 65%), 1986-1990 жылдары – 29,2 млн. гектар, 1990-2005 жылдары – 28,3 млн. гектар. Соңғы жылдары топырақты іздестірулердің жыл сайынғы көлемі шамамен 2 млн. гектарды құрады.

Бұдан басқа, тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен өнеркәсіптік объектілерді және желілік құрылыстарды (мұнай-газ құбырларын) салу нәтижесінде бүлінген жерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу үшін Қарағанды облысында 0,5 мың гектар алаңда ірі көлемді топырақты іздестіру орындалды.

Республикада топырақты тексеру, негізінен, қарқынды пайдаланатын және сапалы материалдар жоқ аумақта жүргізіледі. Топырақты іздестірулердің қазіргі қарқыны жыртылған жердің өзін қажетті көлемде жаңа зерттеу материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Топырақты іздестіруді жаңартудың белгіленген мерзімдері бұзылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің қабылдануымен және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншік енгізумен, осы жерге паспорт берумен ауыл шаруашылығы алқаптарын сапалы бағалау дұрыстығының мәні күшейді. Осыған байланысты осы жұмыстарды қаржыландыру ұлғайтылды. Бағалау ескірген облыстық бағалау шкалаларын қолданудың орнына алаңды негізде орындала бастады, бұл топырақ бонитетін неғұрлым дәл айқындауға мүмкіндік берді. Соңғы жылдары топырақты бағалау көлемі жылына екі миллион гектардан астамды құрай бастады.

Есепті кезеңде мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 1 150,0 мың гектар алаңдағы ауыл шаруашылығы алқаптарының топырағын бағалау және 1 354,0 мың гектар алаңдағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне паспорт беру мақсаты үшін топырақ бонитетін айқындау жүргізілді.

Топырақты бағалау жөніндегі жұмыстар көлемінің 70%-дан астамы республиканың негізгі астық себетін облыстарында орындалды – Ақмола (930,7 мың га), Қостанай 560,7 (мың га) және Солтүстік Қазақстан (289,4 мың га).

Жетекшісі Н.К.Мустафина